



Каспi-дiң кәсiпкерлерге несие желiлерiн берудiң стандарт ережелерiне өзгерiстер

22.08.2020ж. «AIQYN» 123 (3787), «ЛИТЕР» 123 (3790) газеттерiнде жарияланған Каспi-дiң кәсiпкерлерге несие желiлерiн берудiң стандарт ережелерiнiң (бұдан әрi – Стандарт ережелер) аясында Клиенттерге қызмет көрсету ережелерiн заңнаманың өзгерiстерiмен сәйкестендiру, сондай-ақ ережелердi Клиент үшiн жақсарту жағына қарай өзгерту мақсатында Стандарт ережелерге келесi өзгерiстер енгiзiлсiн:

1. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.1-тармағының 7) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«7) алған қызметтер жөнiнде даулы жағдайлар туындаған кезде Каспi-ге жазбаша өтiнiш бiлдiруге;».

2. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.1-тармағының 8) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«8) Несие шарты бойынша мiндеттемелердi орындау мерзiмiнiң өтуi басталған күннен бастап күнтiзбелiк 30 күннiң iшiнде Каспi-ге баруға және/немесе өзiнiң Несие шартының талаптарына, оның iшiнде: Несие шарты бойынша Сыйақы мөлшерлемесiн азайту жағына қарай өзгертуге; шетел валютасымен берiлген банктiк қарыз бойынша негiзгi борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; Негiзгi борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзiмiн кейiнге қалдыруға; берешектi өтеу әдiсiн немесе берешектi өтеу кезектiлiгiн, оның iшiнде Негiзгi борышты басым тәртiппен өтей отырып өзгертуге; Несиенiң мерзiмiн өзгертуге; мерзiмi өткiзiлген Негiзгi борышты және (немесе) Сыйақыны кешiруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсiмпұлдың), банктiк қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердiң күшiн жоюға; «Жылжымайтын мүлiк ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртiппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлiктi кепiл берушiнiң дербес өткiзуiне; Каспi-ге кепiл мүлкiн беру арқылы Несие шарты бойынша мiндеттеменi орындаудың орнына бас тарту төлемiн ұсынуына; шарт бойынша мiндеттеменi сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәнi болып табылатын жылжымайтын мүлiктiң өткiзiлуiне байланысты өзгерiстер енгiзу туралы өтiнiшiн негiздейтiн Несие шарты бойынша мiндеттемелердi орындаудың мерзiмi өтуiнiң туындау себептерi, кiрiстер және басқа да расталған мән-жайлар (фактiлер) туралы мәлiметтер қамтылған жазбаша нысандағы немесе Несие шартында көзделген тәсiлмен өтiнiш ұсынуға;».

3. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.3-тармағының 4) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«4) мiндеттеменi орындаудың өткiзiп алынған мерзiмi болған кезде, бiрақ ол басталған күннен бастап күнтiзбелiк жиырма күннен кешiктiрмей Несие шартында көзделген тәсiлмен және мерзiмдерде Қарыз алушыға Несие шарты бойынша мiндеттемелердi орындаудың мерзiмiн өткiзiп алудың туындағаны және хабарламада көрсетiлген күнге мерзiмi өткiзiп алынған берешектiң мөлшерiн көрсете отырып, төлем жасау қажеттiгi; Қарыз алушының Каспi-ге өтiнiш бiлдiру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз мiндеттемелерiн орындамауының салдары туралы хабарлауға;».

4. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.3-тармағының 5) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«5) Қарыз алушының жазбаша арызын қарастыруға және жазбаша жауап дайындауға;».

5. Стандарт ережелердiң 2-бабының 2.3-тармағының 9) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«9) Қарыз алушының жазбаша өтiнiшiн алған күннен кейiн күнтiзбелiк 15 күннiң iшiнде Несие шартының ұсынылған өзгерiстерiн қарауға;».

6. Стандарт ережелердiң 3-бабының 3.1-тармағының 2) тармақшасы келесi редакцияда жазылсын:

«2) ақшаны (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда): а) Қарыз алушының Несие шарты бойынша мерзiмi өткiзiлген мiндеттемелерiн (берешегiн) орындау (өтеу) үшiн Қарыз алушының кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктiк шоттарына төлем талабын қою арқылы даусыз тәртiппен; б) мерзiмi өткiзiлген және ағымдағы мiндеттемелердi орындау үшiн Каспi-дiң төлем құжаттарының немесе төлем ордерiнiң негiзiнде Қарыз алушының Каспi-дегi банктiк шоттарын тiкелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару);».

7. Стандарт ережелердiң 3-бабының 3.1-тармағының 14) тармақшасында «отыз» сөзi «жиырма» сөзiмен ауыстырылсын.

8. Стандарт ережелердiң 8-бабының 8.5-тармағы келесi редакцияда жазылсын:

«8.5. Несие шарты бойынша мiндеттеменi орындаудың мерзiмiн өткiзiп алғаны және хабарламада көрсетiлген күнге мерзiмi өткiзiп алынған берешектiң мөлшерiн көрсете отырып, төлем жасау қажеттiгi; Қарыз алушының Каспi-ге өтiнiш бiлдiру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз мiндеттемелерiн орындамауының салдары туралы Қарыз алушыға бiрiншi рет мерзiмi өткiзiлген күннен

бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Kaspi сондай-ақ Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына хабарларды жариялау, Клиент туралы мәліметтердің негізінде осындай коммуникацияларды пайдаланушыны Клиент ретінде сәйкестендірген жағдайда, мессенджерлермен, өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізілгені және төлем жасау қажеттігі туралы Клиентке хабарлауға құқылы.

Хабарлама Клиентке: Клиенттің хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Байланыс арнасы арқылы Несие шартында немесе Клиенттің Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Несие шартында немесе Клиенттің Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген Клиенттің орналасқан жерінің немесе Клиенттің тұрғылықты жерінің мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Клиенттің көмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.».
